Докторант Тұралин Есенғазы Мұхаметжанұлының «8D03110 – Аймақтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастығы аясындағы Қазақстан мен Түркияның қарым-қатынасы» атты диссертациялық жұмысына

ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ ПІКІРІ

Диссертациялық жұмыстың тақырыбы қазіргі халықаралық қатынастар мен өңірлік интеграциялық үдерістердің маңызды және өзекті бағыттарының бірін қамтиды. Қазақстан мен Түркия арасындағы ынтымақтастықты түркітілдес мемлекеттердің кеңістігіндегі стратегиялық серіктестіктің үлгісі ретінде қарастыру – ғылыми тұрғыдан да, практикалық маңыздылығы жағынан да өзекті.

Автор зерттеу барысында Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым-қатынастардың тарихи алғышарттарын, саяси, экономикалық, мәдени-гуманитарлық және қауіпсіздік салаларындағы өзара іс-қимылдың бағыттарын жүйелі түрде талдайды. Сонымен қатар, Түркі мемлекеттері ұйымы (ТМҰ) сияқты құрылымдар аясындағы көпжақты ынтымақтастықтың институционалдық негіздері, түркі интеграциясы идеясының даму логикасы мен қазіргі заманғы халықаралық жағдайға бейімделу жолдары да ғылыми негізде сарапталады.

Зерттеуде Қазақстан мен Түркияның сыртқы саяси ұстанымдарының ұқсастығы мен прагматикалық сипаты, олардың халықаралық және өңірлік бастамалардағы үндестігі нақты фактілер мен деректер негізінде дәлелденеді. Сондай-ақ «жұмсақ күш», мәдени дипломатия, білім мен ғылым салаларындағы әріптестік құралдарына қатысты аналитикалық тұжырымдар өзекті болып табылады.

Ғылыми жұмыс құрылымдық жағынан логикалық тұтастыққа ие, мазмұны терең, зерттеу әдістері мен көзқарастары қазіргі саяси ғылым талаптарына сай. Тақырыптың теориялық және практикалық мәні жоғары, әрі ол Қазақстанның сыртқы саясатындағы басымдықтарды, геосаяси орны мен халықаралық бастамаларын кең ауқымда түсінуге септігін тигізеді. Аймақтық, субаймақтық интеграциялық процестердің теориялық және концептуалдық тұжырымдамаларын салыстырмалы талданып, Орталық Азиядағы Түркітілдес мемлекеттер ұйымына кіретін мемлекеттер арасындағы интеграциялық үдерістердегі пантүркизм тенденциялары анықталды.

Зерттеу барысында үшінші дереккөздер мемлекетаралық келісімдер мен ресми статистикалық мәліметтерді қамтитын құжаттар диссертациялық жұмыста ұтымды қолданылған. Жұмыс мазмұны құрылымдық жағынан логикалық жүйеге құрылған, тақырып өзектілігімен және дереккөздердің молдығымен ерекшеленеді. Теория мен практиканы үйлестіре отырып, автор халықаралық қатынастардағы интеграциялық үрдістерді ғылыми негізде пайымдай білген.

Дисертациялық жұмысты қорытындылай келе ұсынылған жұмыс түркітілдес кеңістіктегі мемлекетаралық қатынастарды талдау мен түркі интеграциясының болашағын болжау тұрғысынан ғылыми тұрғыда маңызды үлес болып табылады. Тақырып өзектілігімен, сараптамалық тереңдігімен және практикалық маңыздылығымен ерекшеленеді.

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған Туралин Есенғазының «Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастығы аясындағы Қазақстан мен Түркияның қарым-қатынасы» атты диссертациялық жұмысына оң баға бере отырып қорғауға ұсынамын және философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толықтай лайық екенін сенімді түрде растаймын.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының доценті м.а. PhD доктор **Ермекбаев А.А**

РАСТАЙМЫН
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кадрларды
даярлау және аттестаттау басқармасының басшысы
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и аттестации
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби
«28» 04 2021 ж./г.